

НЕМІС ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ КЕЛУ ТАРИХЫ

Байтакова Б.С

Ғылыми жетекші: тарих магистрі Баймағамбетова А. А.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
bbajtakova@gmail.com

XVIII-XX ғасырлардың бас кезінде Қазақстанның байырғы халқы өлкенің басым көпшілігін құрады. 1897 жылы Қазақстанда барлығы 4147,7 мың адам тұрған болса, соның 80 пайызға жуығы қазақтар еді. Халықтың қалған бөлігін казактар мен қоныс аударған орыс шаруалары, сондай-ақ ұйғыр, дүнген, татар, өзбек, неміс басқа да этностық топтар құрады.

Соның ішінде неміс ұлтына тоқталар болсақ: Қазақстандық немістердің біздің өлкемізге келу тарихының өзіндік ерекшеліктері бар. Егер неміс ұлтының Қазақстанға келу тарихына үңілер болсақ, алғашқы немістердің Қазақ даласында соғыс жылдарында емес, одан да ертерек келгенін байқаймыз. Бұл деректерге қарап, немістердің Кеңес Одағы кезінде оның халқының басым бөлігін құрағанын байқауға болады.

Бүгінде Қазақстанда 120-дан астам ұлт пен ұлыс тату-тәтті өмір сүруде. Бұл еліміздің баға жетпес байлығына баланады.

Жалпы немістердің Қазақстанды мекендегеніне 200 жылдан астам уақыт өтті, мұны тарих парақтарында қалған жазбалар дәлелдейді.

Немістер Қазақстанға тұңғыш рет XVIII ғасырда әскери құрамалар қатарында келді. Олардың едәуір бөлігі Балтық бойы губернияларынан еді. Сібір шекара шебінің басшылары қызметін атқарған 13 адамның көпшілігі немістерден шыққан генералдар болатын.

Немістер жергілікті халықтың тарихы мен географиясын және этнографиясын зерттеудің бастамашылары бола білді. Немістер негізінен Омбы, Петропавл, Семей, Өскемен сияқты тағы да басқа шекара шебіндегі әскери бекіністерде тұрды. XVIII ғасырдың аяғына қарай Қазақстандағы немістердің саны 400 адамға жетті. Қазақ жеріндегі немістер санының артуы XVIII-XX ғасырлар тоғысына сәйкес келді[1, 54].

XVIII ғасырдың ортасынан бастап қазақстанның жаңадан қосылған аумақтарына немістің ұсақ топтарының бірте-бірте енуі байқала бастады. XIX ғасырдың ортасына дейін келген немістердің басым бөлігі – жоғары және орта шендегі офицерлер болатын, олардың шығу тегі Прибалтика тумасы, Петербург дворяндарынан шыққан орыстанған немістер, сондай-ақ әртүрлі неміс мемлекеттерінен шыққан қалалық немістер еді. Көшіп келген немістер Ресей империясының оңтүстік-шығыс шеткері аймағындағы шекара басқармалары жүйесінде жоғары әскери-әкімшілік лауазымдарды иеленді. Кейінгі кезеңдерде немістердің - әртүрлі сословие мен кәсіптердің өкілдерінің көші-қоны көбейе түсті. Мәселен, XIX ғасырдың ортасында қазақстанда кемінде 250-300 неміс тұрғындары болды, олар мамандығы бойынша: дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, діни миссионерлер т.б. болатын[1,56].

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Дала өлкесі мен Түркістанға көші-қон ағынындағы неміс мигранттары. Егер XIX ғасырдың аяғына дейін немістердің Дала өлкесіне және Түркістанға көшіп келуі ішінара сипатта болса, ал XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында немістердің Түркістан облысы мен Дала өлкесіне аграрлық көші-қоны қазақстандағы немістердің қазіргідей орнығуының бастауы болды. Өңірде неміс халқы қалыптасуының бұл кезеңі Ресей империясының азиялық бөлігіне жалпы шаруа аграрлық миграциясы процесімен бірге өтті. 1917 жылы Түркістан өлкені мен Дала облыстары аумағына әртүрлі ұлт топтарынан тұратын аграрлық мигранттардың 18%- дан астамы көшіп келіп, бұл 1629,2 мың адамды құрады. Неміс мигранттарының өңірімізге көшіп келу себептері туралы айтқанда Поволжьең негізгі колонияларындағы және Ресей империясының оңтүстігіндегі аграрлық әрі демографиялық қайшылықтарды, діни, мысалы меннониттер бөлігі бойынша үлесті ескерген жөн. XIX ғасырдың соңында Поволжьеде де

Ресей империясының қара теңіз жағалауы губернияларында да жер тапшылығы сезілді, ал неміс деревняларында жерсіз шаруалардың ауқымды табы пайда болды. Зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл ХІХ ғасырда неміс колонистері тарихында негізгі проблема болды[2,145].

Неміс аграрлық колонияларында капитализмнің дамуы шаруалардың терең саралануымен қоса жүрді.

Алғаш рет Түркістан өлкесінде немістердің аграрлық қонысы негізін Самара және Таврит губерниясынан келген көшіп келушілер қалады.

1880 жылы Самара губерниясының Кеппенталь-Орлов Новоузенск уезі колониясынан және Таврит губерниясы Молочной Бердянского уезі колониясынан бауырлас меннонит топтарының Түркістан генералгубернаторлығы Сырдария облысы әулиеата уезіне көшіп келуіне меннониттердің белгілі бір бөлігінің діни ұстанымы және император ІІ Александрдың реформасы, атап айтқанда жаппай әскери, оның ішінде неміс колонистері үшін де міндеттілік енгізу туралы жарлығы себеп болды. Осыған байланысты, бұл кенттердегі меннониттердің бір бөлігі Ресей империясынан көшіп кетуді ұйғарса, ал екінші бөлігі Шығысқа бет алды. Бұл үшін қауым өкілдері Петербургтегі императорға жіберіліп, Кавказға көшуге рұқсат ету туралы өтініш білдірді. Петербургте меннониттердің бұл делегациясы Түркістан өлкесінің бірінші генерал-губернаторы, генерал-адъютант фон Кауфманмен кездесіп, ол бұл қауымды Түркістанға көшіп келуге шақырды және жан-жақты қолдау көрсетуге уәде берді. Константин Петрович фон Кауфманның шыққан тегі неміс, өңірде үлгілі ауыл шаруашылығын құру және дамыту ісінде меннонит көшіп келушілерінің үмітін жақты. 1880-шы жылдары Түркістан өлкесіне небары 127 отбасы келіп, олардың 72-сі әулиеата уезінде, 55-сі – бұқар хандығы аумағының Ақмешіт колониясында қоныстанды.

Кейінгі онжылдықтағы астықтың шықпай қалуы және 1890 жылдың басындағы Поволжьедегі ашаршылық неміс көшіп келушілерінің ірі топтарының өңірге ағылуына себеп болды.

Кейінгі жылдары 1914 жылға дейін немістердің қазақстанға аграрлық көші-қоны жалғасып, 1906- 1911 жылдары жаппай сипат алды. 1906-1911 жылдары болған Столыпиннің аграрлық реформасы аграрлық көші-қон қозғалысына және қазақ жерінің экономикалық тұрғыдан дамуына жаңа серпін берді. Столыпиннің аграрлық қайта құрулары шаруалардың, оның ішінде немістердің қазақстан аумағына жаппай көшіп келуіне түрткі болды. Столыпин реформалары, өз мәні бойынша қарқынды болып, ондаған мың жерсіз шаруаларға он бес десятина жер телімін сыйлық ретінде алуға, ірі көлемді жерлерді жалға немесе сатып алуға мүмкіндік тудырды.

Тұтастай алғанда 1906-1911 жылдар кезеңінің ерекшелігіне келетін болсақ (басқа кезеңдермен салыстырғанда) оған мыналарды жатқызуға болады: неміс қоныс орындарының көпшілігі қазыналық жер учаскелерінде құрылды, неміс халқының қазақстандағы географиялық орналасуы айтарлықтай ұлғайды, неміс көшіп келушілерінің саны елеулі түрде көбейді[3,38].

Бұл ретте, қазақстандағы немістердің белсенді шаруашылық қозғалыстарынан басқа ХІХ ғасырдың аяғында – ХХ ғасырдың басында Еуропалық Ресейдің және батыс Еуропа мемлекеттерінің қала халқынан шыққан неміс отбасылары мейлінше қарқынды көше бастады. Немістердің қала халқы көлденең көші-қон жолымен қалыптасты: қалалардан – шығу – қалаларға – индустриялық-қалалық инфрақұрылымдар бар ірі әкімшілік және өлкелік орталықтарға (мысалы, Ақмола, Верный, Павлодар, Петропавл, Орал). Немістердің көшіп келген кенттерден қалаларға көші-қоны іс жүзінде болған жоқ, неміс шаруалары ауылдық жерлерден кеткен жоқ және қалаларға көшпеді десе де болады[3,41].

1890 жылдан бастап неміс аграрлық мигранттары Түркістан өлкесі Сырдария облысының Ташкент және әулиеата уездерінің аумақтарына орныға бастады. ХІХ ғасырдың аяғында Түркістан қалаларында ұлты неміс әскерилер, ғалымдар, шенеуніктер, дәрігерлер,

мұғалімдер тұрғанын ескеру қажет. 1912 жылға қарай бұл өңірдегі немістердің саны 7628 адамды құрады, олардың ішінде 4308 адам Ташкент, әулиеата т.б. қалаларда тұратын қала тұрғындары болды.

Түркістанның Жетісу облысында қаралатын кезең ішінде немістердің қоныс орындарындағы білім алуға келетін болсақ, зерттеушілердің бұл мәселе бойынша пікірі екіге жарылады. Бірі XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында Жетісу облысында немістің аграрлық қоныс орындарында білім алу мүлде болмады десе, екіншілері қарастырылатын кезең ішінде облыстың білім алу мәселесі оң шешілген бес ауылдық елді мекендерін (Ермеш қыстағы, Кершнер учаскесі, Немецкий кенті, Радинер бақшалық учаскесі, Филиппов қыстағы) атайды[3,58].

Немістердің Дала өлкесінің Семей облысына аграрлық көшіқоны XX ғасырдың бірінші он жылдығында басталды. Бұл кезеңге дейін Семей облысының аумағында неміс қоныстары болған жоқ, бұл мынадай себептермен түсіндіріледі: XIX ғасырдың аяғында Семей облысының дала бөлігіне шаруа халқының (әртүрлі этнос өкілдері) көшіқонына ресми шектеудің болуы; онда қауымдас адамдардың болмауы және орыс қоныстарымен бірге тұру ниетінің жоқтығы, биліктің бұл көшіп келушілер санатына «даланы сектанттар мен жат жерліктердің ағынынан қорғау» бойынша ерекше саясатының болуы т.б. Мынадай фактіге назар аударуға болады: Самара және Саратов губернияларынан келген, 1893 жылы Ақмола облысы Омбы уезінде Александровка атты бірінші неміс ауылының негізін қалаған бір топ неміс мигранттары «ол жақта тұру еркін» деп естіп, бастапқыда Семей облысына қарай жол шеккен екен, бірақ олар ақыр аяғында Ақмола облысына қоныстанды.

Павлодардағы Ертіс бойында қазыналық жер учаскелерінде басқа көптеген неміс көшіп келушілер кенттері 1907–1910 жылдары салынды. Зерттеушілер 1906 жылдан кейін Семей облысына немістердің көшіқонының күрт өсуін былай түсіндіреді: «1906 жылы ... заң шыққаннан кейін қайта тағайындалған Дала генерал-губернаторы генерал Надаров Семей көшіп келушілер аудандарына неміс-колонистері өзге шаруалармен бірге тұруы тиіс деп түсіндірме берді».

XX ғасырдың басында неміс мигранттары Семей облысының шығыс бөлігінде де шағын қоныстық кенттер салды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында Дала өлкесі облыстары мен Түркістанда 38 500 – 39 000 немістер тұрды, бұл қарастырылып отырған өңір халқының 0,7%-ын құрады. Немістердің басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрды, ал қалаларда шамамен 1,7 мың неміс мекен етті.

Осылайша, XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында Дала өлкесі мен Түркістандағы көшіп келген немістердің аграрлық қозғалысын екі кезеңге бөлуге болады:

Бірінші кезең – XIX ғасырдың 80-ші жылдары, бұл кезде меннониттер діни уәждер бойынша Түркістан өлкесіне көшіп келді.

Екінші кезең – XIX ғасырдың 90-шы жылдары – 1914 жыл – Поволжьеңі және Ресей империясының қара теңіз маңы губернияларының негізгі қоныс орындарынан неміс мигранттарының Дала өлкесі мен Түркістанға көшіп келуі екі кезеңде іске асты. Бірінші кезең – XIX ғасырдың 90-шы жылдары және 1906 жыл. Екінші кезең – 1907–1914 жылдар[3,74].

1941–1991 жылдардағы Қазақстан немістерінің саны мен орналасуына тоқталсақ, 1941 жылдың тамызынан бастап 1942 жылдың қаңтарына дейін Ұлы Отан соғысы кезеңінде кеңес билігі КСРО-ның еуропалық бөлігінен немістерді Қазақстан мен Сібірге күштеп жер аудару, депортациялауды жүзеге асырды. 1941 жылдың тамызында КСРО үкіметі кеңес немістерін басқыншылармен сатқындықпен ауыз жаласқан деп айыптап, бірқатар құжаттар қабылдайды, оған сәйкес оларды депортациялау басталды. Осылайша, 1941 жылдың 26 тамызында КСРО Кеңестік халықтық комитетінің және Бүкілресейлік большевиктер компартиясы Орталық комитетінің «Поволжье, Саратов және Сталинград облыстарынан

немістерді басқа өлкелер мен облыстарға көшіру туралы», ал 1941 жылдың 28 тамызында КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының «Поволжье аудандарында тұратын немістерді көшіру туралы» Жарлығы шықты. 1941 жылдың қыркүйек айының соңына дейін немістер 180 жыл өмір сүрген және 1918 жылдан Поволжье Немістерінің Автономды Кеңестік Социалистік Республикасы болған Поволжьеден Қазақстан мен Сібірге 400 000 астам неміс көшірілді. Поволжье немістерінен бөлек басып алынған Прибалтика, Белоруссия, Украина, Молдавия КСРО аумағынан неміс халқы депортациялауға ұшырады[4,128].

Қазақстанға жер аударылған немістердің санына қатысты бірыңғай пікір жоқ, зерттеушілер әртүрлі деректерді келтіреді. Мысалы, К.С. Алдажуманов, мұрағат деректеріне сүйене отырып, Ұлы Отан соғысы кезінде қазақстанға 462 000 неміс көшірілді, ал 1945 жылдың аяғында Республикада 300 600 неміс қалды⁸⁰ деп есептейді. Ю. Романов депортацияланған немістердің 400,3 мың адам туралы мәлімет келтіреді. Н.Ф. Бугай қазақстанда 432 872 неміс орналастырылды деп хабарлайды[3,189].

Сонымен, 1941 жылдың тамызынан 1942 жылдың қаңтарына дейін немістерді күштеп (мәжбүрлеп) көшіру нәтижесінде Қазақстанда неміс халқының саны бірнеше есеге көбейді.

Соғыстан кейінгі кезеңде ҚазКСР неміс халқының санына қатысты еңбек армиясынан қайтып келгендер, табиғи өсім (өлім-жітімнің азаюы, бала туу деңгейінің өсуі), атап айтқанда арнаулы қоныстардың кемсітушілік режимін сақтау мен күшейту есебінен өсу қарқыны байқалды. КСРО Жоғарғы Президиумының 1948 жылғы 26 қарашадағы Жарлығы бойынша немістер өз жерлерінде «мәңгіге, бұрынғы тұрғылықты жерлеріне қайтып бару құқығынан айырылып» бекуі тиіс болды. 1949 жылғы 1 қыркүйекте ҚазКСР арнайы қонысында 892 671 адам (кәрістер, шешендер, ингуштар мен басқалар) болды, олардың ішінде немістер – 417 478 адам. Арнайы қоныстар режимі ҚазКСРға депортацияланған немістерге ғана қолданылып қана қойған жоқ, сонымен қатар «Қазақстан аумағына Ұлы Отан соғысына дейін келген және көшіруге ұшырамаған», яғни жергілікті неміс халқына да қатысты болды[5,154].

1978–1989 жылдары жүргізілген этнолингвистикалық зерттеулер қазақ КСР солтүстік-шығыс және орталық өңірлердің облыстарда қазақстандық немістердің неміс тілін және диалектін меңгеру деңгейін анықтады. Олардың білім деңгейіне қарамастан зиялы қауым мен 60 жастан жоғары адамдар әдеби тілді жақсы меңгерген (себебі 60 жастан жоғары хабарлаушылар неміс тілін неміс бастауыш мектептерінде оқыған; олар неміс диалектін жақсы қолданатындар). 20–35 жастағы немістер ана тілін нашар біледі (оқу орындарында неміс әдеби тілін зерделеуге мүмкіндігі болмады, диалектіні тек отбасында ғана игерген). Өзгеше этнотілдік жағдай 1980 жылдың соңына қарай қазақстанның оңтүстігінде, ауылдық елді мекендерде, неміс халқы тығыз орналасқан жерлерде қалыптасты. 1989 жылы жүргізілген этноәлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша Алматы облысының ауылдық елді мекендерінде немістер ана тілін отбасы ішілік және тұрмыстық салаларда өздерінің сөз сөйлеу қызметінде көбірек пайдаланып, өндірістік салада ешқашан қолданбағаны анықталды.

Қазақстанда қарастырылатын кезеңде неміс тілін оқыту жағдайына қатысты 1957 жылы ақпанда қазақ КСР Министрлер Кеңесінің ұлты неміс балалары үшін 2 сыныптан бастап оқыту енгізу туралы қаулысы шықты. 1957 жылдың екінші жартысынан бастап қазақ КСР Оқу-ағарту министрлігі 2, 3 және 4 сыныптарда оқитын неміс балалары үшін ана тілін қосымша оқыту енгізді. Сағат саны әрбір сыныпта екіге дейін көбейтілді. Қазақстанда 1974/75 оқу жылында 244 мектепте ұлты неміс оқушыларға екінші сыныптан бастап ана тілін оқыту жүргізілді[6,123].

XX ғасырдың бірінші жартысымен салыстырғанда қазақ тілінің қазақстанның неміс халқына қалыптастырушы ықпалы күшейе бастады атап айтқанда үш тілдік (неміс-орыс-қазақ) дами бастады.

1990-ыншы жылдары – 2000 жылдардың басындағы неміс эмиграциясы мен оның салдарларына тоқталғым келеді. Қарастырылатын кезеңде сыртқы миграция – Германияға, сондайақ Ресей Федерациясы облысына эмиграция Қазақстанның немістердің этностық дамуын айқындаушы факторға айналды. 1990 жылдардың басынан қазақстанның неміс халқының саны күрт қысқарды. 1980 жылдардың соңында кеңестік заңнамада отбасының қосылу жолындағы шектеулер жойылған кезде, қазақстаннан немістердің жаппай эмиграция кезеңі басталады. 1987–1989 жылдары 28 656 адам, ал 1989–1993 жылдары – 366 386 адам сыртқа шығуға рұқсат алды. 99 жылы ағымдағы статистика мәліметтеріне сәйкес қалған немістер шамамен 150 мың адамды құрады, сонымен қатар ҚР-дағы 1999 жылғы халық санағының жарияланған қорытындысы ретінде басқа цифрды «жариялады» – 353 мың неміс халқы[7].

Қазақстан Республикасынан немістер эмиграциясының азаюы мен неміс халқы санының тұрақтануымен қатар ҚР-ға немістердің көшіп келетінін де атап өтуіміз керек. Қазақстанға немістердің қайтып келуі 1990 жылдары да болды, бірақ 2000 жылдың басында қарқынды дамыды. Бұл мәселені қарастыра отырып, қазақстанға қайтып келген немістердің көпшілігі Германиядан емес, керісінше ТМД және Балтық жағалауы елдерінен келгенін атап көрсету маңызды.

Қазақстан немістерінің дәстүрлі шаруашылықтары мен материалдық мәдениеті. XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында қазақстанға қоныс аударған немістер олардың ата-бабалары шыққан герман жерінің дәстүрлерін ғана емес, сонымен қатар білік-дағдыларын, Ресей Империясының еуропалық неміс колонияларында қалыптасқан шаруашылық дағдыларын өздерімен бірге ала келді. Жер жырту мен мал өсіру немістердің дәстүрлі шаруашылығының негізін құрады. Дала өлкесі мен Түркістанда немістердің басты диканшылық дақылы бидай, сұлы, тары, арпа, картоп, бұршақ, жүгері, кендір, бақша өнімдері болды. Түркістанда немістер қыша, анис пен тәтті сорго өсіруге тырысты.

Ойымды қорытындылай келе қазіргі кезеңде көп этносты мемлекет – Қазақстан Республикасында 130-дан астам этнос, оның ішінде немістер өмір сүреді. Осы жағдайда мемлекет пен азаматтық қоғамның басым міндеттерінің бірі – Республикада этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады, оған қазақстанда тұратын халықтардың тарихимәдени мұрасын зерттемей, қол жеткізу мүмкін емес.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Алдажуманов К.С. О депортации немецкого населения в Казахстан (1941–1945 гг.) // *Aus Sibirien* – 2005: науч.-информ. сб., посвященный 60-летию окончания Второй мировой войны и 75-летию Тюмен. гос. ун-та. – Тюмень, 2005. – С.2-28

2 Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана: (численность, размещение, состав). 1870–1914 гг. – Алма-Ата, 1981. – 11

3 Айсфельд А. История и культура немцев Казахстана. – Алматы: 2017

4 Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в.-1917 г.) / Н.Е. Бекмаханова. – М.: Наука, 1986. – 250 с

5 Бургарт Л.А. Немцы в Восточном Казахстане в 1941-1956 гг.: депортация и жизнь в условиях режима спецпоселения: конспект лекций / Л.А. Бургарт. – Усть-Каменогорск: Изд. Немецкого культурного центра ВКО, 1997. – 253 с.

6 Вибе П.П. Переселение немцев-колонистов в Степной край в конце XIX – начале XX вв.: (на примере Акмолинской и Семипалатинской областей) // История немцев Центральной Азии: материалы междунар. науч. конф. (Алматы, 10 окт. 1997 г.). – Алматы, 1998. – С.19.

7 <http://kk.wikipedia.org>